

## Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Усть-Таловка кентінің көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Усть-Таловка кенті әкімінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 6 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 қыркүйекте № 29761 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Усть-Таловка кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып және Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Усть-Таловка кентінің көшелері қайта аталсын:

Комсомольская көшесі Василий Шаламов көшесіне;

Советская көшесі Абай көшесіне;

Пролетарская көшесі Мұхтар Әуезов көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шемонаиха ауданы Усть-Таловка кентінің әкімі*

*А. Боровикова*